Әділ шешім беретін әділқазылармен таныстырлады.

Ойын барысы:..

Ойынға 3 топ қатысады. Ойын V айналымнан тұрады.

1. «Ойлы болсаң, озып көр» (Мақалдарды жалғастыру)
2. «Тапқыр болсаң тауып көр» (Берілген жұмбақтарды шешу. Оны қазақша, орысша, ағылшынша жауап беру)
3. «Біз білмейтін бір мақал» (Мақалдың мағынасын ашу)
4. «Айшықты сөздер» (Берілген тұрақты тіркестердің мағынасын толық ашу.)
5. «Кім жүйрік» (Берілген жұмбақтың шешімін табу арқылы, соған сәйкес мақал - мәтел құрастыру).

Ойын барысы түсінікті болса, сайысымызды бастаймыз, қатысушыларға сәттілік.

Ойынды бастамас бұрын әр топ өзін, ұранымен таныстырады.

топ. Топтың аты – «Сұңқар»

Ұранымыз: Білім алып бүгін алтын ұяда,
Ертең әлі шарықтаймыз қияда.

I топ. Топтың аты – «Тұлпар»
Ұранымыз: Асау тұлпар желдей ескен арынды,
Оқу менен еңбекке сал барынды.

II топ. Топтың аты – «Болашақ»
Ұранымыз: Болашақтың ұл - қызымыз, көркейтеміз елді біз.

Жүргізуші: Бәйгеге түсіп жарыспай
Жүйріктің бағы жанар ма?
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие, тәлім табар мән.
Бұл бәйге ойдың бәйгесі
Кім жүйрік ойға, сол алда,- дей келе I - айналымды бастаймыз.

I айналым «Ойлы болсаң, озып көр»

«Сұңқар» тобына:
1. Алдыңғы арба қайда жүрсе,... (соңғы арба сонда жүреді.)
2. Сын түзелмей, (мін түзелмес).
3. Кісінің кісілігі, (Киімінде емес, білімінде).
4. Шебердің қолы ортақ,...(шешеннің сөзі ортақ).
5. Байлықтың кілті – (ғылым…).

Тұлпар тобына
1. Әдепті бала – арлы бала,( Әдепсіз бала сорлы бала ).
2. Білгенің бір тоғыз,...(білмегенің тоқсан тоғыз).
3. Ғылым теңіз... (Отбасы - шуақ)
4. Ұланы бар елдің... (ұраны бар) 5. Еңбек ердің көркі ……. (ер елдің көркі)
«Болашақ» тобына:
1. Көз - қорқақ (қол – батыр).
2. Батыр туса - ел ырысы... (Жаңбыр жауса – жер ырысы). 3. Білекті бірді жығады,... (білімді мыңды жығады)
4. Атаңның баласы болма,.. (адамның баласы бол)

II айналым «Тапқыр болсаң тауып көр»
Жүргізуші: Бұл айналымда жұмбақ жасырамын, сендер жұмбақтың шешуін 3 тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) айтуларың керек.
1 - топ: Қолы менен қаламы жоқ,
Бірақ сурет салады көп. (аяз – мороз - frost)
1 - топ: Қоймасын қыс ақтарып,
Жерді жапты ақ мамық. (қар – снег - snow)
1 - топ: Бір кісі бар дүниеде,
Шемішке шағып тұрады.
Бұл кісіден әр уақыт,
Әркім мезгіл сұрайды.(сағат - часы - watch)
1 - топ. Жұмбақ шешкіш кім екен?
Сыртқа шықсам түн екен
Моншақтарын шашып ап,

Бір сары қыз тұр екен (ай - луна - moon, жұлдыздар - звезды - stars)

2 топ. Жұқа тақтай бөлшегі,
Ұзындықтың өлшемі. (сызғыш – линейка - ruler)
2 - топ. Қалқиып екі құлағы,
Елеңдеп, қорқып тұрады. (қоян – заяц - rabbit)
2 - топ. Жолбарыстан аумайды,
Тышқандарды аулайды.(мысық – кошка - cat)
2 - топ. Бір жәшік тор бұрышты сырғасы бар,
Көтерсең сырғасынан дауыс шығар.
Қанша алыс болсаңдағы екі сырға,
Естіліп бір – біріне жақын қылар. (телефон - telephone )
2 - топ. Жаны жоқ, болса да,
Ақылды адам ісін істейді. (кітап - книга - book)

3 - топ. Жеп көріп ем өзім мен,
Жас шығарды көзімнен. (пияз – лук - onion)
3 - топ. Бұлаңдаған құйрығы,
Бір алдарлық құлығы. (түлкі – лиса - fox)
3 - топ. Әттең, даусым, тілім жоқ,
Құшағымда білім көп. (кітап – книга - book)
3 - топ. Өзі кірді ашады, суға салсам қашады.(сабын - мыло - soap)
3 - топ. Жел соқса жайқалып толқиды.
Ел оқыса тұла бойың балқиды. (Өлең - песня - song)

ІІІ айналым: «Біз білмейтін бір мақал» Мағынасын ашу
1 - топ: 1. Қараңғыда тапқаныңды ханға берме, Жарықта тапқаныңды жанға берме.
Мағынасы: еңбекпен тапқаныңды орынсыз шашпа.
2 - топ: 2. Өзін - өзі сыйлаған ер бақытты, Өзін — өзі билеген ел бақытты. Мағынасы:
Адам әуелі өз қадірін білсе ғана ел мен жер қадірін де біле алады.
3 - топ: 3. Шын ер жеңсе, тасымас, Жеңілсе, жасымас.
Мағынасы: Қандай жағдай болса да өз — өзіңді сабырлы ұстап үйрен

Жүргізуші: Білген сайын келеді біле бергім,
Біле беру емес пе тілегі елдің.
Белден ассаң, алдыңда бел көрінсе,
Қызыққаннан келмей ме жүре бергің.
Сондықтан да келеді біле бергім
Білімдіні сүйерін білім елдің,- дей отырып,

IV айналымды бастаймыз
«Айшықты сөздер»
Бұл айналымда бірнеше тұрақты сөз тіркестері беріледі. Әр топқа тұрақты сөз тіркесі беріледі. Ойланып, мағынасын толық айтуларың керек.
1 - топ
1. Төбесі көкке жетті (қуанды)
2. Ине шаншар жер жоқ (бос жер жоқ)
3. Қой аузынан шөп алмас (жуас)
4. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. (кеш, жәй)


БАСТАУЫШ
Тұлпарлар


БІЛІМ НЕГІЗІ
БАСТАУЫШ


ырысы бар...
Әкеден – ақыл,
Анадан – мейір
Жүйріктер




Көппен көрген ұлы той
Қырандар

**№11 М.Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ**

Бекітемін:
Оқу ісі орынбасары:
М.Аукенбаева
«___» ___________ 2024ж

# «Ойна да ойла»

1-сыныптар арасында сайыс сабақ

Мұғалімі:Әлібекова Ф

Дербісек елді мекені

2023-2024о.ж

## «Ойна да ойла» сайысы

Армысыздар, оқушылар!
Армысыздар, ұстаздар!
Тамсандырып өнерін,
Осы жарыс барысы
Жадыратсын жаныңды,
«Алғыр алтау» сайысы.

Құрметті ұстаздар, оқушылар «Білімді мыңды жығар, білікті бірді жығар» дегендей 1 сыныптар арасындағы «Ойна да, ойла»атты сайысымызға қош келдіңіздер!

**Сайыс кезеңдері**

1. « Тапқыр болсаң озып көр »
2. « Кім жылдам»
3. « Адасқан әріптер»
4. « Жүйрік болсаң шешіп көр»
5. « Жоғалған әріптер»
6. « Тіл өнері»

Уа, халайық,халайық!
Бәріне жар салайық
Бүгінгі кеш төрінде
Есеп шешіп жарысып
Жұмбақ шешіп аңдысып
Шабыт тасып шалқысып
Көңілді кеш жасайық
Жұмбақ шеру шашайық
Мұнда қызық табылар
Жұмбақ есеп бәрі бар
Ал сайыскер балалар
Білімдеріңді сынайық

**Сайыскерлермен таныстыру**

Олай болса,сайыскерлерімізбен таныс болыңыздар:

1. 1-а сынып оқушылары
2. 1-ә сыны оқушылары
3. 1-б сынып оқушылары

**Оқушыларға тілек**

Замана тартып жатыр жаңа істі алға,

Уа,адамдар думаннан қалыс қалма

Сұлудан сұлу озар әсемдікпен

Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда

дегендей бүгінгі сайысымызды бастаймыз.

**І-бөлім « Тапқыр болсаң озып көр »**

**1 – топ:**

1.Бір аптада неше күн бар? **(7-күн)**
2. Ы дыбысы қандай дыбыс? **(Дауысты және жуан)**
3. Ыдыста 7 қияр және одан 3-еуі артық қызанақ бар.Ыдыста неше қызанақ бар? **(10 қызанақ)**
4. Азайтудың компоненттерін ата ? **(азайғыш,Азайтқыш, айырманың мәні)**

**2 – топ:**

1.Айдында 6 алма бар еді, оған Дастан 3 алма берді. Айдында барлығы қанша алма болды? **(9-алма)**
2. Қосудың компоненттерін ата? **(Қосылғыш,қосылғыш, қосындының мәні)**
3. Тасымалдауға болмайтын бір буынды сөздер? **(От, сүт, қант)**
4. 7 санының көршілерін атаңыз? **(6 және 8)**

**3 – топ:**

1.Жуан және жіңішке дауыстыларды атаңыз? **(А-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү)**
2. Азайтудың компоненттерін ата? **(Азайғыш,азайтқыш, айырманың мәні)**
3. Ағашта 7 торғай отырды. Тағы 3 торғай ұшып келді. Барлығы неше торғай болды? **(10)**
4. Дыбыстар немен таңбаланады? **( Әріптермен таңбаланады)**

**ІІ-бөлім.** «Кім жылдам?»

(Мозайка құрау. Шыққан сурет туралы мәлімет беру)

**ІІІ-кезең. «Адасқан әріптер»**

(Адасқан әріптерді өз ұяшықтарына орналастырады, сол әріптерді пайдаланып сөз құрайды)

**ІV-бөлім. «Жүйрік болсаң шешіп көр»**

(баклашканың іші тола су, ішінде қағазда есептер берілген. Балалар сол есепті параққа жазып, шығарып жылдам көрсету керек)

**V-бөлім. «Жоғалған әріптер»**

(Оқушыларға сөздер беріледі. Жоғалған әріпті орнына қояды)

**VІ-бөлім. «Тіл өнері»**

**(Балалар кенгуруға көмектесед. Кенгурудің қалтасындағы ертегі кейіпкерлерін алып, ол қай ертегі екенін табу, ертегіден үзінді айтып беру**

**Қорытынды бөлім.**

Осымен сайысымыз шарықтау шегіне жетті.

**Жарыс заңы ежелден,**

**Жеңімпазды анықтау.**

**Жеңімпаз болу шарты сол,**

**Еңбектену жалықпау.**-деп сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз.Жеңген оқушыларды марапаттау.







ТАПҚЫРЛАР




Сенен білім алады сан мың адам.
Түлеп биік ұшады бәрі сенен,

№11 М.П. Окороков атындағы жалпы орта мектебі

# Әке – отбасы тірегі



**Сынып жетекшісі: Шойнбаева Ж.Б.**
**2«ә» сынып**

**2024 оқу жылы**

**Әке – отбасы тірегі**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім: Тәрбие** | №11 М.П. Окороков жббм | |
| **Педагогтің Т.А.Ә.** | Шойнбаева Ж.Б. | |
| **Күні:** | 07.02.2024 | |
| **Сынып: 2 «ә»** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тәрбие тақырыбы** | Әке – отбасы тірегі | |
| **Мақсаттары** | • Отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым қатынасты нығайту;<br>• Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру;<br>• Әкеге деген бала махаббатын ояту. Оқушылардың бойында ата-аналарға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру;<br>• Әкенің бала өміріндегі ролін түсіндіру, ата-ананы құрметтей, сыйлай білуге тәрбиелеу; | |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақтың кезені/ уақыт** | **Педагогтың әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**3 мин**<br><br>**2 мин** | Әнұран орындалады.<br><br>Шаттық шеңбері «Шаңырақ».<br><br>Кел балалар тұрайық<br>Қол ұстасып алайық<br>Уық болып иіліп<br>Кереге болып керіліп<br>Шаңырыққа ұқсайық<br><br>«Зырылдауық» ойыны<br>Зырылдата Әке туралы мақал -мәтел айтады.<br><br>Топқа бөлу «Киіз үй» түстермен<br>Қызыл<br>Сары<br>Көк | Оқушылар сап түзеп әнұран орындайды.<br>Шеңбер құрып шаттық шеңберін құрады.<br><br>Мақал -мәтел айтады.<br><br>Түстер арқылы топқа бөлінеді. | Мадақтау<br><br>Мадақтау | Презентация<br>Суреттер<br>Палакаттар<br>Нақыл сөздер |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**2мин** | Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым - қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын оған қарап өсетін нысанасы. «Әке – асқар тау, ана – қайнар бұлақ, бала жағасындағы құрақ» дегендей «Әке» деген сөз қандай жақын, қандай ыстық десеңші! Өмірде әкесін жақсы | Оқушылар мұғалімге назар аударады, зейін қойып тыңдайды. | | |











**№11 М.Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ**

Бекітемін:
Оқу ісі орынбасары:
М.Аукенбаева________
«01» ____02____ 2024ж

# «Ң ң дыбысы мен әріпі»




Ашық сабақ

Тәрбиеші:Абуова М

Тобы: МАД «а»

Дербісек елді мекені

2023-2024о.ж

## Сабақ тақырыбы: Дауыссыз н-ң дыбыстары

Сабақ мақсаты:1.Дауыссыз н-ң дыбыстарының айтылуы мен жасалу ерекшеліктерін ұғындыру,алған білімдерін тиянаҚтау жетілдіру.
2.Шығармашылық ізденісін дұрыс ойлау,өз ойын жеткізе білу,шеберлігін дамыту
3.Жауапкершілікке,ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың принциптері: Біртұтастық,жүйелілік.
Сабақтың әдіс-тәсілдері:сұрақ-жауап,көрнекілік,талдау ажырату,салыстыру сәйкестендіру,ізденушілік.
Сабақтың көрнекілігі:тірек-сызба,кеспе қағаздар,үнтаспа,суреттер, парақшалар.
Сабақ барысы:
І.Бағдарлау-мотивациялық кезең.Қызығушылықты ояту.

-Балалар суреттен нені байқап тұрмыз?
-Далада жаңбыр жауып,күн көрінбей тұр.
-Дұрыс.
-Жаңбыр жауған жақсылықтың белгісі,олай болса жаңбырдың пайдасына байланысты нақыл сөз,мақал-мәтелдерді еске түсіріп, айтып көрейік.
Қане,кім біледі ?
-Жаңбыр жауса жер ырысы.
-Жарайсыңдар.
Олай болса,әр бір тамшы бүгінгі біздің сабағымызға төккен нұры екен және әр тамшының бізге берген тапсырмасы бар, тапсырмаларды дұрыс орындай білсек,күн жарқырап жаңбыр ашылады.
-Олай болса,тапсырмаларды дайындауға дайынбыз ба?
-Дайынбыз.
ІІ.Операциялық-орындаушылық кезең.
1-тапсырма. Көркем жазу сәті. Жаңбыр сөзіне дыбыстық талдау.
(дәптерімізге көшіріп ң дыбысы бар сөздің астын сызу.)
- н-ң дыбыстары қандай дыбыстар?
- н-ң дыбыстары екеуі екі басқа дыбыс,екі басқа әріп. Жасалуы жағынан ң-н-ға мүлде жуықтамайды.
- Н-тіл ұшы дыбысы.
- Ң-тіл арты дыбысы.

2-тапсырма. Ой сергіту жаттығуы. «Кім көп біледі ?»
Жұмбақ шешу.

1.Нанда бар,майда жоқ,
Ұнда бар,айда жоқ. (н)

2.Шаңда бар,гүлде жоқ,
Аңда бар, сайда жоқ. (ң)

3.Екі жағым «н» болса,
Қасиетті тағаммын.
Екі жағым «а» болса,
Ең қадірлі адаммын. (Нан,ана)

3-тапсырма.Ой қозғау.«Тез тауып,бөгелмей айт.»
Тон-тоң,шын-шың,он-оң (сөздегі өзгертіп тұрған дыбыстарды салыстырып,мағынасын түсіндіру)
4-тапсырма.Сергіту сәті.
(үнтаспадан естіп,қимылын көрсету)

Маң-маң басқан,маң басқан,
Шудаларын шаң басқан.
Төрт аяғын тең басқан,
Екі өркешін қом басқан.
-Бұл жануарды кім таныды?
-Түйе.
5-6-тапсырма.Оқулықпен жұмыс.
Оқулықтағы 149,152-жаттығу.
7-тапсырма. Поэзия минуты.
Үнтаспадан М.Жұмабаевтың «Қарағым»өлеңі оқылады.
Қарағым оқу оқы,босқа жүрме!
Ойынға,құр қаларсың көңіл бөлме,
Жасынан оқу оқып,өнер қуған
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге.
-Өлеңнің әрі қарай жалғасын кеспе қағаздардан оқиды.
-Нені түсіндік?
-Балаларға қандай өсиет айтады?
-Үнді дауыссыз дыбысы бар сөздерді атаңдар.
III. Рефлексиялық-бағалау кезеңі.
8-тапсырма. Суретпен жұмыс.
«Ойлан тап» (7 күн,7 түн суреті ілінеді)

-Суреттен нені түсіндік?
-«7 күн-1 апта .»
-Олай болса әр бір күнді өз атауымен атап,жасырынған дыбысты табайық.

1.Дүйсе □ бі
2.Сейсе □ бі
3.Сәрсе □ бі
4.Бейсе □ бі
5.Жұма
6.Се □ бі
7.Жексе □ бі

-Қандай дыбыстар жасырынған ?

Дауыссыз
«Н»
Үнді дыбысы

9-тапсырма.
Әр қатар өзіне берілген әріптен сөздер жазу :
Н-сөздің басында келетін (Нан,немере...)
Ң-сөздің соңында келетін ( аң,шаң ...)
Н-сөздің ортасында келетін (ана,пана ...
10-тапсырма.
Дыбыстарды сызба арқылы сәйкестендіру тесті.
Өзін-өзі бағалау парағы бойынша оқушылар өз жауаптарын жинаған ұпайлары арқылы бағалайды.Әр тапсырмаға 5 ұпайдан беріледі.
















ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ
123
456



**№11 М.Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ**

Бекітемін:
Оқу ісі орынбасары:
М.Аукенбаева____________
«01» ____02____ 2024ж

# «Қазақтың сәлт дәстүрі»

Ашық сабақ

Мұғалімі:Налтаева Ш

Сынып: 2-а

Дербісек елді мекені

2023-2024о.ж

# Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | Қатыспағандар |
| Сынып: | 2 «А» Қатысқандар | |
| Сабақтың тақырыбы | Халқымыздың салт- дәстүрі | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | | |
| Сабақтың мақсаты | **Халқымыздың салт- дәстүрі туралы терең түсіну және мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру** | |
| Құндылықтар | Ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді дәріптеу | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Психологиялық ахуал қалыптастыру**<br>Кең даланың ежелгі,<br>Қазақ дейтін халқымыз.<br>Өзге ұлттай біздің де,<br>Бар дәстүр мен салтымыз.<br>**Ұйымдастыру кезең**<br>**Топқа бөлу:**Халқымыздың салт-дәстүрі арқылы топтарға бөлінеді<br>1-топ «Ұлттық аспаптар»<br>2-топ «Ұлттық киімдер»<br>3-топ «Ұлттық тағамдар»<br>**Үй тапсырмасын сұрау**<br>«Спорт деген немене?» өлеңін жаттаған оқушылардан сұрайды (Бірнеше оқушыдан сұралады)<br>**«Серпілген сауалдар» әдісі арқылы үй тапсырмасын пысықтап, қорытындылайды**<br>1.Спорт сенің серігің дегенді қалай түсінесің?<br>2.Спорт деген немен ?өлеңінің авторы кім ?<br>3.Спорттың қандай түрлері бар?<br>4.Спорттың қай түрі ұнайды?<br>**Ширату тапсырмасы**<br>Қаз-қаз балам десіпті,<br>Күрмеуіңді шешіпті.<br>Ала жібін ешкімнің,<br>Аттама деп кесіпті. (Бұл қандай өлең? Тұсаукесер)<br><br>Әлди, әлди, бөбегім,<br>Ақ бесікке бөледім.<br>Ай мен күнге теңедім,<br>Ақтарылған өлеңім. (Бұл қандай өлең? Бесік жыры)<br>**Бүгінгі өтенін сабағымыздың тақырыбы: Халқымыздың салт-дәстүрі** | **Психологиялық ахуал қалыптастырады**<br><br>Топқа бөлінеді<br><br>**Сұрақтарға жауап береді**<br><br>**Өлеңнің қай өлеңнен үзіндісі екенін табады**<br><br>**Сабақтың тақырыбымен** танысады | ҚБ: Жарайсыңдар!<br>Керемет!<br>Жақсы!<br>Тамаша!<br><br>ҚБ:1б «Бәйге» әдісі<br><br>ҚБ:1 б «Бәйге» әдісі | Суреттер<br><br>Спортшылардың суреттері<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **Жаңа сабақ**<br>**1-тапсырма.**<br>**«Ойлан, Жұптас, Пікірлес» әдісі**<br>Суреттегі отбасы мүшелерінің қазақ дәстүріне сай орындарын анықта.Ойынды түсіндір.<br>Төрге атасы отырады.<br>Оң жақ шетіне әкесі мен баласы отырады.<br>Сол жақ шетіне әжесі мен анасы отырады<br>Отбасы мүшелерінің орындарын отырғызу кезінде нені ескердің? | Суреттегі отбасы мүшелерінің қазақ дәстүріне сай орындарын анықтап айтады | ҚБ:1б<br>«Бәйге» әдісі | Отбасы мүшелерінің Суреттері<br> |
| | **Білгенің жөн. «Сиқырлы сандық» әдісі**<br>Салт-дәстүр халқымыздың сеніміне және тұрмыс тіршілігіне сәйкес ғұрыптардың жиынтығы.Қазақ халқы салт-дәстүрге бай.Мысалы:бата беру,бесікке салу,тұсау кесер,байғазы,көрімдік,сүйінші т.б салт-дәстүрлерге жатады. | | | <br> |
| | Сандықтың ішіндегі әшекей бұйымдардың суреті бар қағаздың арқасында жазылған сөздерді оқып,сұрақтарға жауап береді.<br>(Бата беру,бесікке салу,тұсау кесер,байғазы,көрімдік,сүйінші сөздері) Әр топтан оқушы шығады. Сұраққа жауап берген оқушылар сыйлықтарын алып кетеді.Жауап бере алмаса келесі оқушыншы шығады | Әркім өзіне түскен сұрақтарға жауап береді | ҚБ:1б<br>«Бәйге» әдісі |  |
| | Топтық жұмыс<br>1-топ.Батаның түрлерін.Постер қорғау<br>2-топ.Ұлттық ойын түрлері.Постер қорғау<br>3-топ.Ұлттық тағам түрлері.Постер қорғау | Әр топ постер қорғайды. | ҚБ:1б<br>«Бәйге» әдісі | А4 ақ қағаз<br> |
| Сергіту сәті | Сергіту сәті<br>Үстел ойыны | Сәйкесінше қимылмен көрсетеді | Тамаша! | |
| | **2-тапсырма.**<br>**Ұ.Ж.«Түсініп оқы» айдары «Ыстық орындық» әдісі**<br>**Кешірім сұрау**<br>Егер достарыңның бірін ренжітіп алсаң,кешірім сұрай біл. «Айып етпе,кешір!»- деп, алдына бар.<br>Кешірім сұраған адамды кешіреді.Дос балалар татуласады.<br>-Сенен кешірім сұраған кісі болды ма?<br>-Иә,жолда кетіп бара жатып бір бала байқаусызда қағып кетті.Содан алдыма келіп кешірім сұрады.Мен де оның жағдайын түсініп кешірдім.<br>**Көңіл сұрау**<br>Қазақта ауырған адамның халін сұрауға арнайы барады.Келген адам науқастың көңілін ... әңгімелеседі. «Тез сауығып шығыңыз!»- | «Ыстық орындық» әдісі арқылы топ алдында өз жұмысын оқиды.<br><br>Сұраққа жауап береді | ҚБ:1б<br>«Бәйге» әдісі<br><br>ҚБ:1б<br>«Бәйге» әдісі<br><br>ҚБ:1б<br>«Бәйге» әдісі | Орындық<br><br><br> |


Ұлттық киімдер


Ұлттық тағамдар





**№11 М.Окороков атындағы жалпы орта мектебі**

# Ашық сабақ




**Орындаған: Таласова М**

**МАД «ә» тобы**

**2023-2024 ж**

**Сабақтың тақырыбы:** Қарапайым мысалдармен есептер шығару

**Сабақтың мақсаты:** 1-ден 10-ға дейінгі тура кері санай білуге және «қанша», «сонша», «тең» деген ұғымдарды меңгертуді мақсат еткен сабақта балалардың зейінін, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, дидактикалық ойындар арқылы балалардың ақыл ой белсенділігін тәрбиелеу.

**Сабақтың әдіс:** Сұрақ –жауап, көрнекілікпен жұмыс, түсіндіру, ойын.

**Көрнекілік**: сандар, суреттер, қима қағазда, интерективтік тақта.

**Сабақтаң барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар орындарынан тұрып (үш тілде қонақтармен сәлемдеседі)

Жылулық шеңбері.
Жақсы көрем әкемді,
Жақсы көрем анамды.
Жақсы көрем әпкемді,
Жақсы көрем ағамды.

Күндей жадырап,
Жұлдыздай жарқырап.
Судай мөлдір таза көңілмен,
Бүгінгі күнді бастайық!.
Бүгінгі сабаққа дайынбыз ба?

Өткен тапсырманы қайталап сұрау.

- Балалар! Біз сендермен 1-10 ға дейінгі сандарды өткен болатынбыз. Енді бүгінгі тақырыбымыз 1-ден 10-ға дейінгі сандарды санау. Сендердің білімдеріңді тексеру барысында үй құрастырамыз.

**№1 тапсырма**

Ондай болса геометриялық пішіндерді ата және көлемі бойынша орналастыр.

- Балалар, гоеметриялық пішіндерді үш тілде атап, көлемі бойынша орналастырады. Тапсырманы дұрыс орындағаны үшін үйдің қаңқасы (тіктөртбұрыш) қойылады.

**№2 тапсырма**

Сандарды ретімен және кері орналастыр (үш тілде санау)

Балалар, тура және кері санайды. Карточкалардағы цифрларды дұрыс орналастырады.

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 (1-ден 10-ға дейін тура)

10,9,8,7,6,5,4,3,2,1 (10- нан 1-ге дейін кері)

Тапсырманы дұрыс орындаған жағдайда үйдің шатыры қойылады.



**№3 тапсырма**



**№5 тапсырма**
Карточкадағы заттарды санап шыққан сандарды салыстыр.
















Балалар, заттарды санап оң және сол жағындағы заттардың сандарын дұрыс жазып, тиісті таңбасын қойып салыстырады. Тапсырманы дұрыс орындағаны үшін түтікшені орнына қояды.



**Қорытынды:**

- Балалар бүгінгі сабақ сендерген ұнадыма?
- Қандай ойындар ойнадық? 1-ден 10-ға дейін тура және кері санап үйрендік пе? Балалар, үй геометриялық пішіндерден құралатынын түсінді.

Тапсырма орындау барысында осындай үй құрастырып үйрендік.

Бағалау: Балалар, сендер бүгінгі оқу қызметіне барлығың белсене қатыстыңдар.


Қарапайы
есеп шығару
5+3=
4+4=
6+4=
5+2=
8+2
7+3




Жүргізуші




14+2=
12+3= 15
10+2= 12
13+4=
10-5=


10+2=
13+4=
10-5=
9-4=

№11 М.П. Окороков атындағы жалпы орта мектебі

# Ашық сабақ

## Тақырыбы: «Зат есім»

**Сынып жетекшісі: Шойнбаева Ж.Б.**
**2«ә» сынып**

**2024 оқу жылы**

| | |
|---|---|
| **...беру ұйымының атауы** | **№11 М.П. Окороков жббм** |
| **...н:** | **Қазақ тілі** |
| **...лім:** | **Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті** |
| **Педагогтің аты-жөні:** | **Шойнбаева Ж.Б.** |
| **Күні:** | 22. 02. 2024 |
| **Сынып: 2 «ә»** | **Қатысқандар саны:** 22 / **Қатыспағандар саны:** 1 |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№89 сабақ. Зат есім**<br>**19-22 жаттығулар. Тұсау кесу** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | **сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату;**<br>**2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өз ойын (ұнайды/ұнамайды, себебі пайдалы/пайдасыз болды,себебі ...) білдіру;**<br>**мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау** |
| **Сабақтың мақсаты** | **Сөздерге сұрақ қою арқылы зат есімді табады** |
| **Құндылықтар** | **Ұлттық мүдде: Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді** |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы*** **минут** | **Психологиялық ахуал қалыптастыру**<br>**Сыңғырлады қоңырау**<br>**Біз сабақты бастаймыз**<br>**Партамызға отырып**<br>**Өзара көз тастаймыз**<br>**Жаңа білім алуға**<br>**Алға қадам жасаймыз** | **Оқушылар ынтымақтастық атмосферасын құрады** | **Мақтап,мадақтап отыру**<br>**КБ:**<br> | **Суреттер** |
| **Өткенді пысықтау 5 минут** | **Өткенді пысықтау**<br>**Үй тапсырмасын тексеру**<br>**«Барабан» әдісі**<br>**Чипсы» әдісі**<br>**–Қандай сөз таптарын білеміз?**<br>**–Зат есім дегеніміз қандай сөз табы?**<br>**–Зат есімге қандай сұрақтар қояды?**<br>**–Кім сұрағын қай кезде қолданамыз?**<br>**–Не сұрағын қай кезде қолданамыз?** | **Үй тапсырмасын тексертеді** | **Дескриптор:**<br>**Сұрақтарға жауап береді-1б** | **Оқулық**<br>**Суреттер** |
| ***Сабақтың ортасы*** **минут** | **Сөздерге сұрақ қою арқылы**<br>**Жаңа тақырыпты ашады**<br>**«Тұсау кесу» салт-дәстүрі жайлы кіріспе сөз.**<br>**Оқулықпен жұмыс**<br>**19-жаттығу**<br>**ФС тапсырмасы**<br>**Мәтінді QR-код арқылы тыңдату.**<br>**Мәтінді түсініп оқы.**<br>**Өзіңнің тұсауыңды кім кескенін естідің бе?**<br>**Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.** | **Мәтінмен жұмыс жасайды** | **Дескриптор:**<br>**Мәтінді түсініп оқиды-1б**<br>**Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қояды-1б**<br> | **Оқулық**<br>**Кесте** |






ТҰСАУКЕСЕР



«№11 М.П.Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

# Ашық сабақ

***Тақырып:*** Бөлшектер. Аралас сандар

**мұғалім:** Даригозова А

**сынып:** 4а

2023-2024 оқу жылы

| Бөлім: | Қоршаған ортаны қорғау. Бөлшектер және пайыздар | |
|---|---|---|
| Мұғалімнің аты-жөні | Даригозова Айжамал Нартаевна | |
| Күні: | 21.02.2024ж | |
| Сынып: 4а | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Бөлшектер. Аралас сандар/ *Су ресурстарын қорғау* | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.1.2.14 аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру<br>$\frac{a}{n}+\frac{b}{n}=\frac{a+b}{n}$<br>$\frac{a}{n}-\frac{b}{n}=\frac{a-b}{n}$<br>4.2.1.6 бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектерді салыстыру | |
| Сабақтың мақсаты | аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру<br>$\frac{a}{n}+\frac{b}{n}=\frac{a+b}{n}$<br>$\frac{a}{n}-\frac{b}{n}=\frac{a-b}{n}$<br>бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектерді салыстырады | |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Білу, қолдану | |
| Құндылықтарды дарыту | Жеке және командалық жұмыс істей білу | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| *Сабақтың басы 5мин* Ұйымдастыру, өткенді пысықтау | Топқа бөлу «Санау» әдісімен жүреді.<br>Психологиялық ахуалды жақсарту<br>Өткен тақырыпқа шолу<br>А)Үйге берілген тапсырманы тексеру. | Топтарға бірігеді. Сабаққа дайындық жасайды Тапсырма тексертеді. | Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау. 1 балл | |
| *Сабақтың ортасы* 15 мин | -Ал бүгінгі сабағымызда дұрыс, бұрыс бөлшектер, аралас сандар туралы тапсырмаларды талдап орындауды жалғастыратын боламыз.<br>Оқу мақсаты жарияланады. | Есептің шығарылу жолымен танысады | | Математика 4-сынып 3-бөлім 113 сабақ |







